

6D01200 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Бермухамбетова Ботагоз Булатовнаның «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Техникалық жоғарғы оқу орындарында студенттерінің құқықтық құзыреттілігі бірқатар теориялық зерттеулердегі ғылыми талдау пәні ретінде пікірталас мәселелерін туғызып отыр. Бұл, ең алдымен, студенттердің құқықтық мәдениетінің философиялық, педагогикалық және құқықтық табиғатын, оның қалыптасуы мен жетілу сипатын, оны бағалаудың объективтілігі мен құрамдас сипаттамаларын анықтайтын мәселелер.

Техникалық жоғарғы оқу орны студенттерін қазіргі жағдайда мемлекеттің құқықтық саясатының белсенді қатысушысы ретінде қарастыра отырып, олардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру қажеттілігін іске асыру оның құқықтық құзыреттілігімен байланысты. Техникалық жоғарғы оқу орындарында студенттерінің құқықтарын мүлтіксіз сақтау, өздерінің мүдделерін қорғау, қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық негіздерін түсіну талап етіледі. Тек осы жағдайда ғана студенттер құқықтық қатынастарға қатысудың оң тәжірибесін игере алады, заңды мінез-құлықтың жеке мағынасын түсінеді, әлеуметтік маңызды құқықтық бағдарларға ие болады.

Құқықтық құзыреттілікке байланысты қазіргі заманғы аспектілер мен зерттеулерде заманауи білім беру технологияларын оқыту процесіне енгізу құзыреттілік тұғырға негізделген кәсібиліктің сапасын арттыру бірқатар жұмыстарда көрініс табады:

Жоғарғы білім беру жүйесіндегі мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Б.Т.Кенжебеков); білім берудегі құзыреттілік және құзыреттілік тәсіл ұғымдары туралы мәселе (Ш.М.Майгельдиева); әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы құзыреттілік тәсіл туралы (Г.Ж.Менлибекова); біріккен құзыреттілік құрылымы негізгі білім беру бағдарламасы және техникалық ЖОО - да оқыту технологиясы (А.В.Купавцев); жұмысшылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары (Д.Г.Мирошин, А.Т.Чакликова) және басқалар. Құқықтық құзыреттіліктерді дамыту мен қалыптастыру мәселелерін жан-жақты зерттеп, құрылымдық мазмұны мен теориялық моделін заманауи технологиялық құрылымдар арқылы түсіндіруге талпынған.

Техникалық жоғарғы оқу орны студенттерінің құқықтық құзыреттілік деңгейін арттырудың әлеуметтік қажеттілігі оның кәсіптік білім беру процесінде қалыптасуына байланысты мәселелерді зерттеуді өзектендіреді.

Б.Ш.Тұрғанбаева зерттеу жұмысында жеткіншектерге құқықтық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын жүйелей келе, құқықтық тәрбие процесінде мектеп, отбасы және қоғамның өзара ықпалдастығын айқындаған.

Mussabekova N., Olzhabayev B., Zhakishева A., Akhmediyeva A., Batay A., Sakenov J. зерттеулерінде заң және тарих пәндері арқылы студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру моделін ұсынған.

M.Rembiasz қазіргі нарықтық экономикадағы кәсіпкерлердің негізгі құзыреттерін және оларды әлеуетті кәсіпкерлердің, яғни техникалық жоғарғы оқу орындарының студенттерінің білімдерімен, дағдыларымен және көзқарастарымен салыстыруды қарастырады.

Pavlycheva O., Murgul V. кәсіби салада құқықтық білім алу негізінен ЖОО да құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады деп санайды.

S.Puhach зерттеуінде үздіксіз білім беру жүйесінде мамандардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру, ең алдымен мазмұнын жаңарту, белгілі және негізделген педагогикалық жағдайларды және әзірленген құрылымдық-функционалдық модельді іске асыру болашақ мамандардың құқықтық құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейді. Дегенмен жоғарғыдағы зерделенген ғылыми зерттеу жұмыстары мен әдебиеттерде жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанын және әлі де болса жеткілікті дәрежеде өз шешімін таппағандығын көрсетті.

Осы тұрғыдан алғанда,

- техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға қоғамдық сұраныстың өсуі мен студенттердің құқықтық құзыреттілігін дамытудың ғылыми негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында;

- болашақ мамандардың құқықтық құзыреттілігін дамытуға жоғарғы талаптардың қойылуы мен оларды жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының нақтыланбауы;

- болашақ техникалық мамандардың құқықтық құзыреттілігін дамытудың объективті қажеттілігі мен бұл процесті ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік қамтамасыздандырудың жеткілісздігі арасында *қарама-қайшылықтар* туындап отыр.

Зерттеудің мақсаты: Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, онын педагогикалық шарттарын анықтау және тәжірибелік эксперимент арқылы тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің нысаны: техникалық жоғарғы оқу орнының оқу үдерісі.

Зерттеудің пәні: студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеудің болжамы: *Егер* жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, педагогикалық шарттары нақтыланып, моделі жасалса және оны жүзеге асырудың әдістемесі қамтамасыз етіліп, Жоғарғы оқу орындарының тұтас педагогикалық процессіне ендірілсе, *онда* қоғам дамуының заманауи әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында болашақ техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін дамыту процессінің тиімділігі артады, *өйткені* білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық сферасының дамуына әсер етеді, Жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандардың құқықтық құзыреттілігі дамыған маман қалыптасуға мүмкіндік жасалады.

Зерттеу міндеттері:

1. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан айқындау.

2. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау.

3. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасау.

4. Моделдің тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелдеу және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін «құқық», «құқықтық құзыреттілік» ұғымдарының мәнін айқындайтын философиялық теориялар; кәсіби ұстанымды есепке алатын құқықтық теориялар; жүйелілік тұғыры; тұлғалық және іс-әрекеттік тұғыр; аксиологиялық тұғыр; құзыреттілік тұғыр зерттеу нәтижесі құрайды.

Зерттеу нәтижелері аталған мәселені жан-жақты талдаудың негізін құрайды.

Зерттеу әдістері: қойылған міндеттерді шешу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық әдістерге философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, салыстыру, жалпылау, сондай-ақ рефлексияны дамыту бойынша отандық тәжірибені зерделеу жатады. Сонымен қатар, нормативтік құжаттарға талдау жүргізілді.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасының ресми құжаттары мен Білім мен ғылым саласындағы нормативтік құжаттар (стандарттар, оқу кешендері, оқулықтар, тұжырымдар, типтік оқу бағдарламалары, т.б.); шетелдік және отандық педагогтардың ғылыми еңбектері мен тәжірибелері, ғылыми мерзімді басылымдар, автордық педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу базасы: *Эксперимент жұмыстары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде және Е.А. Бөкетов атындағы Қарғанды ұлттық зерттеу университетінде жүргізілді.*

Зерттеу кезеңдері:

1-кезең (2017-2018 ж.ж.) зерттеу жұмысының өзектілігін анықтау; зерттеу мәселелеріне байланысты психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық-әдіснамалық талдаулар жасау; жоғарғы оқу орындарындағы техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен ерекшеліктерін анықтау.

2-кезең (2018-2019 ж.ж.) жоғарғы оқу орындарындағы техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын, моделін әзірлеуге және сынақтан өткізуге арналды. Студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруда тұлғаға бағытталған технологиялар кешенін пайдалану тиімділігіне тәжірибелік-эксперименттік тексеру жүргізілді. Құқықтық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін қадағаланды.

3-кезең (2019-2020 ж.ж.) зерттеу материалы талданды және жүйеленді,

педагогикалық жағдайларды іске асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері түсіндірілді; диссертация талап бойынша рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда зерттеліп, «құқықтық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды;

- Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

- модельдің тиімділігі диагностикалық, теориялық, практикалық кезеңдерден тұратын әдістеме арқылы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелеріне негізінде дәлелденді, әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық негіздері» (тест сұрақтары мен жағдаяттық тапсырмалар);

- «Основы правовых знаний» (орыс тілінде) элективті пәннің құралы;

- «Құқықтық тақырыптағы жағдаяттық тапсырмалар жинағы» (техникалық факультет студенттеріне арналған) тақырыпта электрондық оқулық дайындалды.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғарғы оқу орындарының, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және орта білім беру жүйесінде, қосымша білім беруде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары (*жағдаяттық тұғыр, интерактивті оқыту әдістері, үздіксіз құқықтық білім беру, бағалау және тиімділік критерийлері*), педагогикалық шарттарын (болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері жүйесінің мәні. Қазақстандық қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер білім беру жүйесі мен кәсіптік орта арасындағы қатынастарды терең трансформациялауға септігін тигізді. Және техникалық мамандықтар студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік берді:

- білім беру жағдайларының мазмұны болашақ бакалаврлардың құқықтық білімін көрсетті;

- болашақ кәсіби саладағы өзекті оқиғаларды құқықтық мазмұнмен, БАҚ және Интернет-ресурстар құралдары бойынша ақпараттық мазмұнын үнемі жаңартып отырумен ұсынды;

- білім беру жағдайларын модельдеу өз бетінше білім алуға әсер етті. студенттердің жұмысы.

2. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді тәсілі және құқықтарды оқытуда пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы жүзеге асырылды, құқықтық

пәндерді оқыту процесінде рөлдік ойындар, миға шабуыл әдісі, пікірталас, нақты жағдай әдісі және т. б. сияқты оқыту әдістерін қолдану) сипаттауға бағытталған процесс.

3. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатты бағыттағы процесс, өзара әрекеттесетін және өзара толықтыратын жүйеден тұрады. Сондықтан жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің *құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылық, когнитивті-процессуалдық және практикалық-бағалаушылық компоненттерден, өлшемдері мен көрсеткіштер жиынтығынан және сәйкес келетін деңгейлерінен (жоғары, орта, төмен) тұрады.*

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі автордың бастапқы әдіснамалық және теориялық ұстанымдарымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің жиынтықтарын пайдаланумен, олардың зерттеудегі қойылған міндеттермен және зерттеу логикасына қарама-қайшы еместігімен; алынған тәжірибелік-эксперименттік нәтижелердің математикалық статистика әдістерімен өңделуімен; зерттеу болжамының жұмыстағы нәтижелерімен расталуымен байланысты.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жүзеге асырылуы:

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 13 еңбек жарықкөрді: Scopus базасына енген басылымдардағы журналға 1 мақала енді; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдар тізіміне кіретін басылымдарда 4 мақала жарық көрді; Шетелдік ғылыми басылымдардағы жарияланымдарда 5 мақала; 1 оқу құралы және 2-электрондық оқулық жарық көрді.

Диссертация құрылымы мен мазмұны: диссертация нормативтік сілтемелер мен қысқартулар, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Қорытынды: техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру – олардың кәсіби қызметте заң талаптарын сақтап, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруына және құқықтық мәдениеті жоғары маман ретінде қалыптасуына негіз болады.